

**Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша АҚШ долларын және еуроны теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 11 ақпандағы № 18 қаулысы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы № 78 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері (бұдан әрі – айырбастау пункттері) арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектері:

- 1) АҚШ доллары үшін – 2 теңге;
- 2) еуро үшін – 3 теңге болып белгіленсін.

2. Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектері 2014 жылғы 11 ақпаннан бастап қоса алғанда 2014 жылғы 31 желтоқсан аралығында белгіленеді.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ақышевқа жүктелсін.

**Ұ л т т ы қ                      Б а н к**

*Төрағасы*

*Қ. Келімбетов*